

## **Алтынды көбейту мәселесі**

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Орынбасарының өкімі 9 тамыз 1993 ж. N 6-5-ө

Васильков кен орнындағы құрамында төзімді алтын-мышьяк бар рудаларды өндіру мен ұқсату саласында шет ел инвестицияларын, аса жаңа экологиялық таза технологияларды және неғұрлым өнімді техникалық құралдарды пайдалану, концентраттан алынатын алтынды көбейту және Қазақстан Республикасының алтын қоры мен алмас қорын қалыптастыруды жеделдетуге жәрдемдесетін жоғары тауарлы түпкі өнім алу мақсатында:

Көкшетау облысының Васильков кен орнындағы құрамында алтын бар рудалардың 1942 жылғы координат жүйесінде орындалған материалдардан басқаларының баланс қоры құпиясыздандырылсын.

Премьер-министрдің  
орынбасары